

## «М. ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БҚУ-ДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПІКІРІ – 2025»

2025 жылғы 24 ақпан мен 18 наурыз аралығында М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың әлеуметтанулық зерттеулер орталығы «М. Өтемісов атындағы БҚУ-дағы білім беру үдерісінің тиімділігі туралы студенттердің пікірі – 2025» атты әлеуметтік зерттеудің далалық кезеңін жүргізді.

Осы мониторингтік зерттеудің мақсаты – университетте жүзеге асырылатын оқу үдерісін студенттердің қалай қабылдайтынын, оның негізгі аспектілері мен құрамдас бөліктеріне деген көзқарастарын сипаттайтын пікірлері мен бағалау пайымдарын анықтау болып табылады.

Жалпы алғанда, 1006 студент (жалпы жиынтықтың 16%-ы) және 115 магистрант (жалпы жиынтықтың 25%-ы) сауалнамаға қатысты. Барлығы 1121 толтырылған анкета алынды.

Жүргізілген зерттеу барысында алынған деректерді жинақтау және талдау келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді:

1. БҚУ білім алушыларының басым көпшілігі (жалпы алғанда сауалнамаға қатысқан студенттердің 79%-ы және магистранттардың 83%-ы) университетте қолданылып жатқан оқыту жүйесі жоғары білікті мамандарды тиімді даярлауға негізінен өте жақсы немесе жақсы деңгейде ықпал етеді деп есептейді. Осылайша, білім алушылардың БҚУ-дағы білім беру үдерісінің тиімділігіне және көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына берген бағасы жоғары деңгейде сақталып отыр.
2. Студенттер мен, әсіресе, магистранттардың басым көпшілігі (5-тен 4 бөлігі) кредиттік оқыту жүйесінің негізгі міндеттерін жүзеге асыру үшін университетте жасалған жағдайларды жоғары бағалауды жалғастыруда – жақсы және өте жақсы деп бағалағандар саны айтарлықтай (студентке бағытталған оқыту қағидатын жүзеге асыру жағдайларын сәйкесінше студенттердің 86%-ы және магистранттардың 90,5%-ы; оқытуды дараландыру деңгейін – 84% және 84%; білім алушылардың өзіндік жұмысының тиімділігін арттыруды – 86% және 89%; нақты оқу жетістіктерін анықтауды – 85% және 89,5%). Сонымен қатар, бұл көрсеткіштер өткен жылмен салыстырғанда артқан.
3. БҚУ студенттері мен магистранттарының басым көпшілігі (5-тен 4 бөлігі) университетте қажетті оқу-әдістемелік және ақпараттық-технологиялық ресурстардың болуына қанағаттанған. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда өскен. Ең жоғары қанағаттанушылық кітапханадағы оқу және ғылыми әдебиеттер санына (студенттер – 91%, магистранттар – 88%) және оқу залдарындағы орындардың жеткіліктілігіне (91% және 82%) қатысты байқалды. Университет аудиториялары мен зертханаларының жабдықталуына 87,5% студент және 86% магистрант, компьютерлік техникамен қамтамасыз етілуіне 86% және 85%, интернет жұмысына 85% және 84% қанағаттанған.
4. БҚУ студенттері мен, әсіресе, магистранттарының басым көпшілігі (шамамен 90%) жалпы білім беру, базалық және бейіндік пәндер бойынша өткізілетін дәрістердің, практикалық сабақтардың және білім алушылардың өзіндік жұмысының тиімділігіне қанағаттанған (дәрістер: студенттер – 91%, 91,5%, 90%; магистранттар – 90,5%, 93%, 94%; практикалық сабақтар: студенттер – 88,5%, 90%, 90%; магистранттар – 89%, 92%, 93%; өзіндік жұмыс: студенттер – 90%, 91%, 91%; магистранттар – 90%, 93%, 92%).
5. БҚУ білім алушыларының басым көпшілігі (90%-дан астамы) білімді бақылау мен бағалаудың қолданылатын түрлерінің (ағымдық бақылау, аралық бақылау, емтихандар) тиімділігін жоғары бағалайды: студенттер арасында сәйкесінше 92%, 92,5% және 92%, магистранттар арасында – 96%, 94% және 95%. Апелляция рәсімінің тиімділігін жоғары бағалағандар саны салыстырмалы түрде аз: студенттер – 87%, магистранттар – 91%.
6. Студенттердің шамамен 3/5 бөлігі және магистранттардың шамамен 2/3 бөлігі өздерінің білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын әзірлеуге қатысу мүмкіндігі бар деп есептейді. Студенттердің 65%-ы және магистранттардың 72%-ы даму жоспарына қол жеткізе алады; 62% және 69% – оны қалыптастыруға қатыса алады; 62% және 65% – қайта қарауға қатыса алады; 63% және 66% – жүзеге асырылуын бағалауға қатыса алады.

7. Жалпы алғанда, студенттер мен магистранттардың басым көпшілігі өздерінің оқу формалары мен әдістерін, сондай-ақ білім жетістіктерін бағалау түрлерін таңдауға және элективті пәндерді таңдауға мүмкіндігі бар деп санайды. Жалпы алғанда, студенттердің 78%-ы және магистранттардың 76,5%-ы оқыту әдістерін таңдауға, 78% және 76% – бағалау формаларын таңдауға, 76% және 79% – элективті пәндерді таңдауға мүмкіндігі бар екенін көрсеткен.
8. Университет білім алушыларының басым көпшілігі эдвайзерлердің жұмысын жоғары бағалауды жалғастыруда (студенттердің 69%-ы және магистранттардың 77%-ы).
9. БҚУ білім алушыларының басым көпшілігі (студенттердің 82%-ы және магистранттардың 86,5%-ы) университеттегі академиялық ұтқырлықты ұйымдастыруды тиімді деп бағалайды.
10. Білім алушылардың шамамен 2/5 бөлігі (студенттердің 42%-ы және магистранттардың 41%-ы) қосымша білім беру бағдарламалары арқылы қосымша біліктілік алуға қызығушылық танытады. Ең көп қызығушылық ақпараттық технологияларға (бағдарламалау, IT, робототехника, мобилография, SMM), сондай-ақ педагогика, психология, тілдер және спорт салаларына бағытталған.
11. Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың білім беру үдерісін жетілдіру және білім беру бағдарламаларын дамыту бойынша ұсыныстары негізінен практикалық дайындықты күшейтуге, оқыту технологиялары мен әдістемелерін дамытуға, университеттің материалдық-техникалық базасын жаңартуға және академиялық ұтқырлықты жақсартуға бағытталған.

Жүргізілген зерттеудің нәтижелері осындай. Осы эмпирикалық материалмен жұмыс істеу барысында алынған мәліметтердің салыстырмалы және толық еместігін ескеру қажет, бұл негізінен сандық социологиялық әдістердің мүмкіндіктерінің шектеулілігімен байланысты. Зерттеуде қойылған сұрақтарға неғұрлым толық әрі негізделген жауаптар алу үшін қолданылған сандық әдісті (жаппай іріктемелі сауалнама) сапалық әдістермен (сараптамалық сауалнама, фокус-топтар, эксперимент) толықтыру қажет, алайда қазіргі уақытта оларды қолдану белгілі бір қиындықтар туғызады.

Соған қарамастан, бұл ақпарат жалпы сипатта болғанымен, БҚУ студенттерінің университетте жүзеге асырылатын оқу үдерісін қалай қабылдайтыны туралы жеткілікті шынайы түсінік береді, оның динамикасын бақылауға мүмкіндік жасайды, демек, оны ұйымдастыру мен жетілдіруде пайдалы бола алады және болуы тиіс.

Жалпы алғанда, әлеуметтік мониторингтің кезекті кезеңінде алынған білім алушылардың пікірлері, көңіл-күйі мен бағалау пайымдары олардың басым көпшілігі университеттегі білім беру үдерісінің ұйымдастырылуын, негізгі құрамдас бөліктері мен формаларын оң қабылдайтынын және оның тиімділігін жоғары бағалайтынын көрсетеді. Сонымен қатар, университеттегі оқыту жүйесіне жоғары баға берген респонденттердің үлесі өткен жылмен салыстырғанда көптеген көрсеткіштер бойынша біршама артқан.